

«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры  Е.Т.Сейлханов

«31» 10 8 2018 ж.



Педагог қызметкерлер қызметін рейтингтік бағалау туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагог кадрлар мен басқарушы кадрлардың қызметін рейтингтік бағалау туралы ереже кәсіби қызметті іске асыратын барлық педагог қызметкерлерге қатысты.

1.2. Ереже педагогтар, ӘБ және шығармашылық топ жетекшілері талқылағаннан кейін білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің отырысында бекітіледі.

2. Негізгі атқарымдары, мақсаттары, міндеттері және қағидаттары

2.1. Колледждегі рейтингтің негізгі *атқарымы* – педагогикалық ұжым қызметін диагностикалау және бағалау.

2.2. *Мақсаты* – педагог қызметкерлер жұмысының сапасы туралы объективті ақпарат алу.

2.3. Міндеттері

2.3.1. Педагогтар қызметін өзіндік бағалау.

2.3.2. Білім беру ұйымындағы ықтимал рейтингті анықтау мақсатында колледж қызметін өзіндік бағалау.

2.4. Педагогтар қызметін рейтингтік бағалаудың негізі мынадай *қағидаттар* құралады

2.4.1. Жариялылық және ашықтық.

2.4.2. Кәсіптік дамудың жеке ерекшеліктерін ескеру.

2.4.3. Ішкі бағалау мен өзіндік бағаның әлеуетін арттыру.

3. Педагогтар қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесінің құрамдастары

3.1. *Педагогтар рейтингін анықтау төмендегілер арқылы іске асырылады*

3.1.1. Белгілі уақыт ішінде қызметті өзіндік бағалау.

3.1.2. Колледжішілік бақылау жүйесі.

3.2. *Шыққан нәтижелерді түсіндірумен айналысатын ұйым құрылымына колледж басшылығы, ӘБ жетекшілері, әдістемелік кеңес кіреді.*

3.3. *Педагогтар рейтингін анықтағанда мыналар ескеріледі*

3.3.1. Оқу қызметінің нәтижелілігі (1-көрсеткіш (бұдан әрі – 1К).

3.3.2. Мұғалімнің әдістемелік қызметінің нәтижелілігі (2-көрсеткіш (бұдан әрі – 2К).

3.3.3. Қоғамдық жұмыс (3-көрсеткіш (бұдан әрі – 3К).

3.3.4. Құжаттармен жұмыс (4-көрсеткіш (бұдан әрі – 4К).

3.3.5. Еңбек тәртібі (5-көрсеткіш (бұдан әрі – 5К).

3.3.6. Қауіпсіздік техникасы мен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау (6-көрсеткіш (бұдан әрі – 6К).

4.1. Оқу бағдарламаларын сәтті іске асыру, оқушылардың оқудағы және оқудан тыс жетістіктері, педагогтардың кәсіби қызметі педагогтар рейтингін анықтау объектілері болып табылады.

4.2. Педагогтар рейтингін анықтауға арналған ортақ формула мынадай түрде ұсынылуы мүмкін: $K = 1K + 2K + 3K + 4K + 5K + 6K$.

4.3. Колледж педагогтары рейтингін анықтау мерзімділігі – жылына 2 рет (қаңтар, мамыр).

Педагог қызметкер рейтингін анықтау технологиясы
Педагог қызметін бағалаудың рейтингтік картасы
Т. А. Ә.

№	Өлшемдері	Балл
Оқу қызметі (1К)		
1	Оқу үлгерімінің %	
2	Білім сапасының %	
3	Пән бойынша бағаның орташа балы	
4	Колледж ішілік олимпиадалардың, байқаулардың, сайыстардың жеңімпазы атанған оқушылардың болуы	
5	Аудандық сайыстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің, қатысушыларының болуы	
6	Облыстық және республикалық олимпиадалар, байқаулар, сайыстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің, қатысушыларының болуы	
7	Студенттердің ұстаздың жетекшілігімен орындалған зерттеу жұмыстарының шығармашылық байқауларына қатысуы	
8	Пән үйірмесі	
9	Пән апталығы	
10	Пән кабинеті	
11	Мұғалімнің кәсіби деңгейі: жанжалды жағдайларды шешу дағдысы, жанжалды жағдайлардың, шағымдардың болмауы (студенттер мен ата-аналарға жүргізілген сауалнаманың негізінде анықталады)	
12	Студенттер мен қарым-қатынас мәдениеті және этикасы (студенттер мен ата-аналарға жүргізілген сауалнаманың негізінде анықталады)	
Ғылыми-әдістемелік жұмыс (2К)		
1	Кәсіби байқаулар мен сайыстарда жеңімпаз атанған, жүлдегер, қатысушы мұғалім	
2	Ашық сабақтар, іс-шаралар түрінде тәжірибе алмасу	
3	Педагогикалық кеңестерде, конференцияларда, семинарларда және т. б. хабарламалармен және баяндамалармен шығу және т. б.	
4	ӘБ жұмыс	
5	Шығармашылық топтардағы жұмыс	
6	Озық педагогикалық тәжірибені (бұдан әрі – ОПТ) тарату	
7	БАҚ, педагогикалық басылымдар, ғаламтор ресурстары арқылы тәжірибені тарату	

8	Электрондық портфолио, мұғалімнің дербес сайты	
9	ОӘК, әдістемелік оқулықтар, бағдарламалар әзірлеу және т. б.	
Қоғамдық жұмыс (3К)		
1	Колледж комиссияларындағы жұмыс (психологиялық-педагогикалық консилиум, құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесі және т. б.)	
2	Қоғамдық тапсырмаларды орындау (педкеңес хатшысы, кәсіподақ комитеті, ұжымның ойын-сауығын ұйымдастырушы және т. с. с.)	
3	Колледж қызметін БАҚ-та насихаттау, педагогтар мен студенттердің шығармашылық жұмыстарын жариялау	
4	Рейдтерге қатысу	
5	Әлеуметтік жобалар	
Құжаттамамен жұмыс (4К)		
1	Журналдарды дұрыс және уақытылы ресімдеу	
2	Баға қою әділдігі	
3	Пәндер бойынша есепті дұрыс және уақытында тапсыру	
4	Оқу семестрлері мен жарты жылдықтарының қорытындысы бойынша топ жетекшілерінің есепті дұрыс және уақытында тапсыруы	
Еңбек тәртібі (5К)		
1	Сабакты уақытында бастау және аяқтау	
2	Сабак уақытында жұмыс орнында болуы	
3	Педагогикалық кеңестерге, жиналыстарға қатысу	
4	ӘБ, ҒӘҚ отырыстарына қатысу	
5	Әріптестермен араласу мәдениеті және этикасы (педагогтарға жүргізілген сауалнаманың негізінде айқындалады)	
6	Білім беру ұйымындағы киіну мәдениеті (педагогтарға, оқушыларға және ата-аналарға жүргізілген сауалнаманың негізінде айқындалады)	
Қауіпсіздік техникасы және студенттердің өмірін және денсаулығын қорғау (6К)		
1	Педагогтардың ТҚ бойынша уақытында нұсқаулықтан өтуі	
2	Студенттермен ТҚ бойынша нұсқаулықты уақытында өткізу	
3	Сабакта ТҚ және студенттердің өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықтың болуы	
4	Сабакта және үзілісте студенттер арасында жазатайым оқиғалардың болмауы	
Қорытынды көрсеткіш		